ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ (МОНИТОРИНГ). ҚО ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ ҚР Экологиялық кодексіне (13-тарау) сәйкес, I және II санаттағы кәсіпорындарда Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ) негізінде экологиялық бақылау жүзеге асырылуы тиіс (183-бап) ӨЭБ бағдарламасы шеңберінде ЖГӨЗ құрылысы кезеңінде ауа ортасының, топырақ-өсімдік жамылғысының жай-күйіне мониторинг жүргізу және қалдықтарды басқару бөлігінде мониторинг жүргізу көзделген: ☐ ШЖШ нормативтерінің сақталуын бақылауды қамтитын атмосфералық ауаға эмиссиялар мониторингі (есептеу әдісімен); ☐ Ластануды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдау мақсатында ластанған учаскелерді кезбен шолып анықтау үшін құрылыстың барлық алаңын маршруттық бақылау. ☐ қалдықтар жиналатын орындарда қалдықтарды басқару бөлігінде операциялық мониторинг жүргізу көзделеді. Құрылыс кезеңіндегі табиғи ортаға әсерді бәсеңдетуге бағытталған шаралар ҚР ЭК 125 бабына және 09.08.2021 ж. Экология министрінің №119 бұйрығына сәйкес дайындалған ҚО қорғау жөніндегі Іс-шаралар Жоспарында қарастырылған. 15	ШЕШІМДЕР Құрылыс жұмыстары ҚР Экологиялық заңнама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылатын болады. Объектінің құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсерді талдау жұмыстары өндірістің технологиясы сақталған кезде әсер жергілікті тұрғыда болатынын және орташа және төмен маңыздылықтың әсері ретінде бағалануы мүмкін екенін көрсетті. Жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру: ☐ белгіленген нормативтерді; ☐ жоспарланған табиғат қорғау шараларын орындаған жағдайда ЖГӨЗ құрылысының кезеңінде Экологиялық рұқсаттарды барысында іске асуы мүмкін.
Назар салып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!	

01.10.2025 Ж. ЖАҢАӨЗЕН Қ. ӨТКІЗІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУДЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Қайырлы күн, бүгінгі қоғамдық тыңдауға қатысушылар!

1. СЛАЙД – ТАҚЫРЫП БЕТІ

2. СЛАЙД

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (106 бап, 3 тармақ) талаптарына сәйкес, жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру үшін, яғни- Жаңаөзен қ. Жаңа газ өңдеу зауытының (ЖГӨЗ) құрылысы бойынша әсерлерге Экологиялық рұқсаттар алу қажет (Экологиялық рұқсат).

Әсерлерге Экологиялық рұқсат алу кезінде, сонымен қатар мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыруды бастауға дейін немесе осы жұмыстар барысында Қоғамдық тыңдау өткізу міндетті болып табылады (ҚР ЭК 96 бабы).

Бұдан әрі баяндамада жобаланатын объектінің қысқартылған атауы - ЖГӨЗ деп аталады.

Аталған Қоғамдық тыңдауды өткізудегі басты мақсат жұртышылықты құрылыс жұмыстарын жоспарлау туралы хабардар ету. Осыған байланысты Сіздердің назарларыңызға Жаңаөзен қ. Жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы кезеңінде Экологиялық рұқсаттар алу үшін дайындалған «Қоршаған ортаны Қорғау» Тарауы мен басқа да жобалық материалдар бойынша әзірленген таныстырылымды ұсынып отырмыз.

Сонымен қатар, жобалаудың алдыңғы кезеңдерінде **«ЖАҢАӨЗЕН Қ. ЖАҢА ГАЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ» ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП** дайындалып, аталған жоба бойынша оң қорытынды алынды (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 15/07/2025 KZ09VV00387072 қорытындысы). Аталған келісілген Есептің материалдары құрылыс жұмыстары бойынша Рұқсаттар алу үшін құжаттар топтамасын дайындау барысында негізгі болып табылды.

ҚР заңнамасына сәйкес, Экологиялық рұқсаттар алу үшін ұсынылуы тиіс құжаттар топтамасына келесідей материалдар кіреді:

- Құрылыс жұмыстары кезеңдері бойынша атмосфераға ЛЗ шығарындылары эмиссиясының нормативтері мен қалдықтардың түзілу көлемдеріне негізделген Қоршаған ортаны қорғау тарауы (ҚОҚТ), сонымен қатар Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) жөніндегі ұсыныстар берілді.
- Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары (ҚОҚІЖ).
- Әсерлерге Экологиялық рұқсаттар алу жөніндегі Өтінім.

Көрсетілген Экологиялық **Рұқсат** алу үшін берілетін экологиялық құжаттарға жобалық техникалық құжаттама, бұл жағдайда - **Құрылысты ұйымдастыру жобасы (ҚҰЖ)** қоса беріледі.

3. СЛАЙД. Құрылыс объектілері жөніндегі ақпарат

ЖГӨЗ құрылысын салудағы негізгі мақсат мыналар болып табылады:

- Маңғыстау облысының кен орындарынан ілеспе мұнай газын, табиғи газды, газ конденсатын жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын (ЖККФ) өңдеуді қамтамасыз ету.
- Шикізатты неғұрлым терең өңдеумен тиімді пайдалануды енгізу.
- Қазақстанның батыс өңірінде экономиканың дамуындағы сапалы жаңа кезең болатын мұнай-химия кластерін құру;
- Маңғыстау облысының тұрғындарына және өнеркәсіп кәсіпорындарына газ өңдеу өнімдерін жеткізудің көпжылдық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Қайта өңдеу процесінде келесідей тауарлық өнімдер алынатын болады:

- өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы табиғи жанғыш газ;
- коммуналдық-тұрмыстық тұтынуға арналған сұйытылған отындық көмірсутекті газ;
- автомобиль көліктеріне арналған сұйытылған көмірсутекті газ;
- пентан-гексан фракциясы;
- техникалық күкірт.

ЖГӨЗ ең озық қолжетімді техникалардың (ЕҚТ) талаптарын ескере отырып жобаланады.

Зауыт ҚР стандарттарының талаптарын ескере отырып және өнеркәсіптік, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып жұмыс істейтін болады.

Жобаланатын ЖГӨЗ-нің газды қайта өңдеу бойынша номиналды қуаты жылына 900 млн. м3 құрайды; жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын (ЖККФ) қайта өңдеу бойынша номиналды қабылдау қуаты - жылына 40 мың тонна, газ конденсатын қайта өңдеу бойынша номиналды қуаты - жылына 5 мың тонна

Жаңа газ өңдеу зауытының (ЖГӨЗ) ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАСЫНЫҢ ТАПСЫРЫС БЕРУШІСІ «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС («ҚазГӨЗ» ЖШС) болып табылады.

БАС ЖОБАЛАУШЫ – «ПК Констракшн» ЖШС.

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН 2025 жылдың аяғынан 2027 жылдың басына дейін жүргізу жоспарлануда.

4. СЛАЙД. Құрылыс аумағы

Жобалаудың ертерек кезеңдерінде Жаңаөзен қаласындағы өнеркәсіптік (индустриалдық) аймағында құрылыстан бос аумақта ЖГӨЗ салу үшін алаң таңдау жүзеге асырылды. Құрылыс слайдта көрсетілген координаттары бар алаңда жоспарланған.

Шығыс бойлық	Солтүстік ендік
52,790956	43,364117
52,796414	43,364731
52,790839	43,372928
52,794556	43,374086

Сызбадан көрініп тұрғандай, ЖГӨЗ-ді орналастыру қолданыстағы «ҚазГӨЗ» зауытының алаңынан батысқа қарай шамамен **0,5 км** қашықтықта жобаланған.

Жобаланатын ЖГӨЗ-ге ең жақын елді мекен Жаңаөзен қаласы болып табылады, оның тұрғын аймағы жаңа зауыт құрылысы алаңынан **3.3 км** қашықтықта орналасқан.

ЖГӨЗ және қосалқы инфрақұрылымның сыртқы желілік объектілерін (газ құбырлары, су құбырлары, кәріз, кірме жолдар және т.б.) салуға шамамен **132,3327 га** жер алаңы қажет. Құрылыс үшін жер бөлу Қазақстан Республикасы Жер кодексінің ережелері негізінде және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Жобаланатын ЖГӨЗ шекарасында тұрғын-жай аймақтары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сәулет және мәдени мұра ескерткіштері, курорттық аймақтар мен демалыс аймақтары жоқ.

Жобаланатын объект мемлекеттік орман қоры және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің аумағына кірмейді (ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 23.07.2024 ж. растайтын хаты бар).

Жоба аумағының қазіргі жай-күйінің табиғи сипаттамаларын анықтау үшін 2024 жылы кешенді инженерлік зерттеулер орындалды. Нәтижесінде атмосфералық ауаның, топырақ қабатының және жер асты суларының қазіргі жай-күйі туралы ақпарат алынды. Сонымен қатар, жануарлар дүниесі мен өсімдіктерді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жұмыс ауданында тегеурінсіз тұзды жер асты суларының бір су тұтқыш деңгейжигінің бар екендігі анықталды.

5. СЛАЙД. ОБЪЕКТИЛЕР МЕН ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

ЖГӨЗ келесідей өндірістік объектілерінің салу жоспарлануда:

- **негізгі технологиялар объектілері** (газды қайта өңдеу қондырғысы, шикізат газын сепарациялау және сығымдау бөлімшесі, газды төменгі температурада бөлу бөлімшесі және т.б.);
- **жалпы зауыттық шаруашылық объектілері** (сумен жабдықтау және кәріз желілері, тауарлық-шикізат паркі, автомобильдер мен теміржолға арналған ағызу-құю эстакадалары және т.б.);
- **әкімшілік-шаруашылық ғимараттар;**
- теміржол инфрақұрылымының объектілері;
- **сыртқы объектілер** (су құбырлары, құбыр желілері, автожолдар және т.б.).

Ғимараттар мен құрылыстардың құрылымдық ерекшеліктері мен мақсаты бойынша объектілер құрамында мынадай негізгі типтер қабылданған:

- болат қаңқада жасалған ғимараттар;
- жарылыстан қорғау мақсатында жасалған ғимараттар;
- блокты-жиынтықты ғимараттар және блок-контейнерлік үлгідегі ғимараттар;
- жабдықтар үшін ашық алаңдар;
- сұйықтықтарға арналған сыйымдылықтар;
- тереңдетілген құрылыстар мен сыйымдылықтар;
- технологиялық құбырлар мен инженерлік коммуникацияларға арналған тіректер мен эстакадалар;
- аумақты қоршау

Ғимараттар мен құрылыстарды салудың дәйектілігі құрылыстың күнтізбелік жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

6. Слайд. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ

Құрылысты ұйымдастыру жобасына (ҚҰЖ) сәйкес, құрылыстың ұйымдастыру-технологиялық схемасы үш кезеңді көздейді:

Дайындық кезеңі. Дайындық кезеңінде құрылысқа дайындық және негізгі кезеңдегі жұмыстарды өрістету бойынша жұмыстар орындалады. Жұмыс бригадалары қажетті жабдықтармен, материалдармен және құралдармен қамтамасыз етіледі.

Жайластыру: Ірілендіріп құрастыруға арналған алаңдар, биікте жұмыс істеу кезіндегі мінбелер мен құрылғылар; дәнекерлеу, электр аспаптарының, электрлі шығырларды қуаттау үшін және монтаждаудың жекелеген орындарын жарықтандыру үшін электр энергиясы беріледі.

Құрылыстың негізгі кезеңі. Негізгі технология, энергетикалық шаруашылық объектілерін, сумен жабдықтаудың, кәріздің, жылумен жабдықтаудың, газбен жабдықтаудың және т.б. сыртқы желілері мен құрылыстарын салу/монтаждау жұмыстары орындалатын болады.

Құрылыстың аяқталу кезеңі.

- уақытша (тұрмыстық) қалашықты бұзу;
- қалған артық топырақ пен құрылыс қоқыстарын шығару;
- құрылыс техникасы мен жұмысшы персоналдарды демобилизациялау.

Іске қосу-жөндеу жұмыстары (ІҚЖ) - монтаждауды тексеруді, жабдықты жеке сынауды, жүктемемен кешенді сынауды және жобалық көрсеткіштерге сәйкестікті қамтамасыз ету үшін жұмыс режимдерін баптауды қамтитын жабдықтар мен жүйелерді пайдалануға енгізу жөніндегі жұмыстар кешені жеке жобамен орындалатын болады.

7 Слайд. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ

ЖГӨЗ құрылысы жабдығы және құбыр байланыстырғышы бар Модульдік блоктарды қолдану арқылы іске асырылатын болады. Модульдік блоктар барынша зауыттық дайындықпен жеткізіледі және іргетастарға орналастырылатын болады.

Модульді блок пайдалану және қызмет көрсету үшін барлық қажетті құрылғылармен, құралдармен, техникалық және пайдалану құжаттамасымен, зауыттық дайындығы барынша жоғары (электрмен жабдықтауды, жерге тұйықтауды және т.б. қоса алғанда), ЖГӨЗ-дің басқа да моделдері – құрастыру мүмкіндігімен жинақталған функционалдық технологиялық кешен болып табылады.

Жобада модульдік блоктарды пайдалану құрылыс жұмыстарының ұзақтығын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Табиғи құрылыс материалдарын пайдалану. ЖГӨЗ және желілік объектілер құрылыстары процесінде Маңғыстау облысының карьерлерінен бірқатар табиғи құрылыс материалдарын пайдалану жоспарлануда: қиыршықтас; құм; топырақ; құмды-қиыршықтасты қоспалар. Барлық табиғи құрылыс материалдарын мердігерлер шарт негізінде жеткізетін болады.

ЖГӨЗ аумағына 2 метрлік қоршаулар қою қарастырылған.

Негізгі құрылыстарды, сондай-ақ инженерлік коммуникацияларды салу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін объектіні пайдалануға беруге рұқсат алғанға дейін аумақтарды абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

8-9 СЛАЙДТАР. Атмосфералық ауаға әсерлер.

Жоспарланған жұмыстар атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларымен сүйемелденетін болады.

Шығарындылардың негізгі көздері: дизель генераторлары, компрессорлар, құрылыс техникасының қозғалтқыштары, дәнекерлеу және бояу жұмыстары және т.б.

Құрылыс жұмыстары кезеңінде барлығы 27-ге дейін ЛЗ шығарындыларының стационарлық көздері жұмыс істейтін болады, оның ішінде: 9 ұйымдастырылған, 18 ұйымдастырылмаған (дизель генераторлары, компрессорлар, дәнекерлеу және сырлау жұмыстары, жоспарлау жұмыстары, арнайы техника қозғалтқыштарының, автомобильдердің жұмысы және т.б.).

– Жағар майды тұтыну 3300 тоннаға жуықтықты құрайды.

Қауіптіліктің 1-4-сыныптарына жататын ластаушы заттардың 38 атауы анықталды.

ЖГӨЗ құрылысының бүкіл кезеңінде стационарлық көздерден ЛЗ шығарындыларының жиынтық көлемі шамамен **48.7923** тоннаны құрайды.

Жалпы ластаушы заттардың (эмиссиялардың) 84% -ын құрайтын негізгі ластаушы заттарға мыналар жатады: азот оксиді, көміртек оксиді, күйе, күкірт диоксиді, C12-C19 көмірсутегі және бейорганикалық шаң.

Құрылыс және шығарылатын ластаушы заттардың мөлшерін нормалау кезеңінде атмосфералық ауаға әсер ету деңгейін айқындау үшін атмосфералық ауаның ластану деңгейін модельдеу жүргізілді.

Модельдеу нәтижелері бойынша атмосфералық ауаға әсер ету бағытының шекарасы анықталды, оның шегінде елді мекендер үшін гигиеналық нормативтер сақталады, Ластаушы заттардың таралуын есептеу нәтижелерін талдау әсер ету бағытының шекарасы шамамен **0.660 км** құрайтынын көрсетті.

Нормалау кезеңінде атмосфераның ластану деңгейін есептеумен ластаушы заттардың ешқайсысы бойынша жақын маңдағы тұрғын аймақтың шекарасында (3.3 км қашықтықта) рұқсат етілген шекті шоғырланудың артуының орын алмайтындығы анықталды.

Экологиялық сараптамаға берілетін құжаттарда таралуды есептеу нәтижелерін ескере отырып, құрылыс кезінде стационарлық көздерден ЛЗ шығарындыларының есептелген шамаларын құрылыс жұмыстары кезеңіне рұқсат етілген шығарындылардың нормативтері ретінде қабылдау ұсынылды.

10. СЛАЙД. СУ ТҰТЫНУ. СУ БҰРУ.

Жер үсті және жер асты су көздерінен су алу жоспарланбайды. Құрылыс кезеңінде шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көзі қолданыстағы «Түйесу-Жаңаөзен» ауыз су магистральдық су құбыры болып табылады.

ЖГӨЗ құрылысы ауданында жер үсті су объектілерінің жоқтығын назарға ала отырып, су объектілеріне әсер ету күтілмейді.

Құрылыс кезінде су шаруашылық-ауыз су және өндірістік қажеттіліктерге пайдаланылатын болады: ауыз су, тұрмыстық қажеттіліктер, құрылыс алаңын дайындау, шаң басу, дөңгелектерді жуу, топырақты тығыздау және т.б.

Ауыз су үшін бөтелкедегі су пайдаланылады.

2025-2027 жылғы құрылыстың барлық кезеңінде су тұтыну шамамен 119 мың м3 құрайды деп болжануда.

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезеңінде шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқынды суларды мамандандырылған кәсіпорындар шарт бойынша зарарсыздандыру үшін шығарады («Өзенинвест» МҚК-мен 26.02.2025 жылғы № 17Б шарт)

Сондықтан да ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділерінің нормативтері белгіленбейді.

11 СЛАЙД. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН ЖҰМЫС

Жоспарланып отырған жұмыстарды іске асыру процесінде өндіріс пен тұтыну қалдықтары түзіледі.

Қалдықтардың пайда болуы тиісті көздердің болуымен байланысты, олардың әрқайсысы жобаны іске асыру мен пайдаланудың әртүрлі кезеңдерінде пайда болатын қалдықтардың жалпы көлеміне үлес қосады.

Құрылыс кезеңінде қалдықтардың жинақталуының шекті мөлшері

Барлығы **85600 т** қалдық түзіледі, оның ішінде:

- қауіпті – 483 т;
- қауіпті емес – 85117 т.

Негізінен бұл құрылыс және бұзу қалдықтары, топырақ және тастар, мотор және жағатын майлар қалдықтары, пайдаланылған аккумуляторлар, аралас металдар, ағаш қалдықтары, тағам және коммуналдық қалдықтар.

Құрылыстың бастапқы кезеңінде қалдықтардың едәуір мөлшері жер жұмыстары (топырақ пен тастар) және бөлшектеу жұмыстары (майланған шпалдар мен рельстер, темірбетон қалдықтары) барысында қалыптасады.

Құрылыстың негізгі кезеңінде (2026 жыл) қауіпті қалдықтар үлесінің ұлғаюы күтілуде. Пайдаланылған майлар, май сүзгілері, аккумуляторлар сияқты түрлер санының өсуі технологиялық жабдықты орнатумен және баптаумен, сондай-ақ жыл бойы құрылыс техникасын белсенді пайдаланумен байланысты құрылыс және монтаждау жұмыстарын жалғастыруға негізделген. Қаптама материалдарының (пластик, ағаш, бөшекелер) көлемі артады, бұл ірі технологиялық агрегаттардың жеткізілуімен және монтаждаумен байланысты. Объектідегі персонал санының артуы коммуналдық және тағам қалдықтары көлемінің өсуіне алып келеді.

Құрылыстың соңғы кезеңінде (2027 жылдың басында) уақытша инфрақұрылымды бөлшектеуді және аумақты түпкілікті жинауды қоса алғанда, құрылыс жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Қалдықтардың жалпы көлемі қысқарады. Бұл кезеңде қалдықтардың негізгі массасын ағаш қалдықтары, металл, қаптама материалдары, шүберек, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың тіршілік әрекетіне байланысты тұрмыстық және тағам қалдықтары құрайды.

Қалдықтарды басқару

Құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қалдықтарды тиісінше басқару қамтамасыз етіледі.

Қалдықтарды басқару шарттық негізде қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою жөніндегі лицензияланған мамандандырылған ұйымдарға бөлек жинау және беру болып табылады.

- Қалдықтарды жинақтау түрлері мен қауіптілігі бойынша бөлек жинауды жүзеге асыру арқылы арнайы жабдықталған алаңдарда, жекелеген контейнерлерде жүргізілетін болады. Қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмайтын арнайы жабдықталған алаңдарда 6 айдан аспайтын мерзімге уақытша жинау қарастырылады.

- Барлық пайда болған қалдықтар шарт негізінде қалдықтарды өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) жоюға мамандандырылған ұйымдарға кемінде алты айда бір рет берілетін болады. Қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) қауіпті қалдықтарды жоюға арнаулы лицензиясы бар мамандандырылған ұйым беру жоспарлануда.

Қалдықтарды басқарудың мұндай тәсілі топырақтың, су ресурстарының және атмосфералық ауаның ластану мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ адам денсаулығына қауіп төндірмеу арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуды қамтамасыз етеді.

Қалдықтарды басқарудың жоғарыда көрсетілген барлық қағидаттары Қоршаған ортаны қорғау тарауында көрсетілген.

12. СЛАЙД. ТАБИҒИ ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қоршаған ортаны қорғау тарауында жүргізілген Ықтимал әсерлерді бағалау қорытындылары ұсынылды.

Қоршаған ортаның қазіргі жағдайын талдауды, жобалық шешімдерді қамтитын әсерді бағалау әдіснамасын қолдану, сондай-ақ әсердің қарқындылығын, алаңдық ауқымын және күтілетін әсердің ұзақтығын айқындау табиғи орта компоненттеріне ықтимал елеулі әсерлерді анықтауға және слайдтағы кесте мен қысқаша сипаттамада көрсетілген әсерлердің маңыздылығын айқындауға мүмкіндік берді:

Атмосфералық ауа. Әсерлер газ тәрізді және қатты заттармен ластану түрінде көрінетін болады. Ластаушы заттар шығарындыларының күтілетін көлемі және атмосфералық ауаға әсер етудің ықтимал аймақтары 7-8 слайдтарда көрсетілген. Әсердің маңыздылық деңгейі төменгі маңыздылық ретінде айқындалған

Жер үсті су объектілері. Жоба аумағында табиғи жер үсті су объектілері жоқ, сондықтан жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру жер үсті су объектілеріне әсер етпейді. Су ресурстарына әсері су тұтыну және су бұру тұрғысынан бағалануы мүмкін. Бұл ақпарат 9 слайдта ұсынылған.

Жоспарланған жұмыстардың ықтимал әсері гидродинамикалық режимнің бұзылуы немесе жерасты суларының ластануы арқылы **жерасты суларына** әсер етуі мүмкін. Сарқынды сулар мен қалдықтардың барлық түрлерін жинау және зарарсыздандыру жүргізіледі, бұл олардың жер үсті және жер асты суларына ықтимал әсерін барынша азайтады. Сондай-ақ жер асты суларының ластануын болдырмау үшін олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар табиғат қорғау шаралары қабылданды. Сондықтан күтілетін әсердің маңыздылық деңгейі төмен маңыздылық ретінде айқындалған.

Жер ресурстары, топырақ. Әсерлер топырақтың ластануына және жер бөлуге байланысты туындауы мүмкін. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бөлу жүргізілмейді, өйткені ЖГӨЗ объектілерін орналастыру үшін алынатын учаске өнеркәсіптік аумақ болып табылады. Бөлінетін жер мәртебесінің өзгеруі, жергілікті халықтың жер пайдалану шарттарының өзгеруіне ықпал етпейді.

Құрылыс кезінде жер ресурстары мен топыраққа күтілетін әсердің маңыздылық деңгейі орташа және төмен маңыздылық ретінде айқындалған

Биоәралуандылық (өсімдіктер мен жануарлар дүниесі).

Биологиялық ресурстарды пайдалану жоспарланбаған.

ЖГӨЗ антропогендік бұзылған аумақта орналастырылатын болады. Ықтимал әсерлер аймағына Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің тіршілік ету мекені сияқты

табиғи ортаның сезімтал компоненттері кірмейді және жабайы жануарлардың миграция жолдары жоқ..

Жануарлар дүниесінің жай-күйіне теріс әсер ететін негізгі процесс жұмыс істейтін техника мен адамдардың болуынан туындаған «алаңдаушылық факторы» болады. Құрылыс техникасы шығаратын шу, адамдардың қатысуы бір мезгілде алаңдаушылық факторы ғана емес, сонымен қатар жануарларды үркітетін фактор болып табылады.

Құрылыс кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне күтілетін әсердің маңыздылық деңгейі төмен және орташа маңыздылық деңгейінен аспайды. Биоэралуандылықтың жоғалуы орын алмайды деп күтілуде.

Ықтимал елеулі әсерлерге жүргізілген бағалаулар табиғи ортаның барлық компоненттеріне әсерлердің кеңістіктік ауқымы: жергілікті және шектеулі екенін көрсетті. Сондықтан ЖГӨЗ құрылысы кезінде **траншекаралық әсер** күтілмейді.

13 -14 Слайдтар ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Қызметтің бастамашысы ЖГӨЗ құрылысына байланысты жұмыстарды жүргізудің қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін екенін толық түсінеді және барлық қажетті табиғатты қорғау іс-шараларын қарастырады.

13-14 слайдтарда ұсынылған табиғатты қорғау шаралары экологиялық заңнаманың талаптарын, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауға және атмосфералық ауаға, жер асты суларына, жер қойнауына, топырақ-өсімдік жамылғысына және жануарлар дүниесіне (биологиялық эралуандылыққа) теріс әсерлерді болдырмауға және/немесе төмендетуге мүмкіндік беретін іс-шараларды орындауға бағытталған.

13-слайдта құрылыс жұмыстары кезінде теріс әсерді азайтуға мүмкіндік беретін **негізгі іс-шаралар** тізбесі келтірілген:

- Барлық жұмыстарды ҚР ҚО қорғау бағытындағы заңнамасына сәйкес, жүргізу;
- Жер ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану мақсатында құрылыс кезінде жұмыс аймағының оңтайлы мөлшерлерін таңдау. Жұмыстарды бөлінген учаскенің шекарасында жүргізу;
- Жолдардан тыс жерлерде көлік қозғалысына тыйым салу;
- Заманауи техника мен жабдықтарды пайдалану. Пайдаланылған газдардағы шудың және зиянды заттар құрамының рұқсат етілген көрсеткіштері бар жарамды техника мен жабдықтарды қолдану. Пайдаланылған газдарды мерзімді тексеру, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету.
- Жабдық ұзақ уақыт пайдаланылмаған жағдайда қозғалтқыштарды ажырату;
- Техника мен көлікке тұрақты және тиісті техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;
- Табандықтарды пайдалана отырып немесе арнайы ұйымдарда техника мен жабдыққа май құю. ЖЖМ-дың тұрақ, жөндеу және құю орындарында пайдаланылуын бақылау;
- Сапалы ЖЖМ пайдалану;
- Құрылыс алаңынан шығу кезінде автомобильдер мен құрылыс техникасының дөңгелектерін жууға арналған уақытша алаңдар орнату;
- ЖЖМ, материалдар мен жабдықтарды сақтау, қалдықтарды жинау учаскелерін ҚО-ға ең төменгі теріс әсерді ескере отырып ұйымдастыру;
- Құрылыс алаңына іргелес аумақтарды таза ұстау;

- Жер қазу және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде шаңды басу жұмыстарын жүргізу. Сусымалы жүктерді тасымалдау кезінде оларды ұқыпты тұмшалау;
- Жер асты сулары мен топырақтың ластануына теріс әсерін болдырмайтын жаңбыр суларының ағынын бұруды ұйымдастыру;
- Сарқынды сулар мен қалдықтарды жер бедеріне ағызуға тыйым салу. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сарқынды сулар мен қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған арнайы орындарды жайластыру. ҚО үшін қауіпсіз сарқынды суларды, қалдықтарды жинау, сақтау және шығару;
- ҚР талаптарына сәйкес, жұмыстарды жүргізу алдында топырақтың құнарлы қабатын алу және сақтау. Құрылыс аяқталғаннан кейін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, құрылыс кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру және аумақты абаттандыруды жүзеге асыру.
- Пайда болатын қалдықтарды азайту мақсатында кәдеге жаратуға жататын және/немесе қайта пайдалануға жарамды қаптамасыз немесе қаптамада (күтыда) жеткізілетін материалдарды сатып алуға басымдық беру.

Аталған жалпы табиғат қорғау шараларынан басқа, биологиялық әралуандылыққа әсерді барынша азайтатын бірқатар іс-шараларды орындау көзделген. **14-слайдта тіршілік ету ортасына әсерді төмендетуге мүмкіндік беретін және биологиялық әралуандылықты сақтауға ықпал ететін шаралар келтірілген:**

- Қолданыстағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардан (ЕҚТА), су қорғау аймақтары мен белдеулерінен тыс құрылыс алаңдарын таңдау;
- Құрылыс өнеркәсіптік аймақта жер бөлу шегінде өнеркәсіп жерлерінде жүзеге асырылатын болады. Табиғи тіршілік ететін орындарға ең төменгі дәрежеде тиісілетін болады.
- ҚР заңнамасына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау (биологиялық әралуандылықты сақтау) жөніндегі талаптарды ескере отырып, құрылыс алаңын дайындауды және құрылыс жұмыстарын жүргізу.

Құрылыс учаскелерінде түнгі уақытта жарықты барынша азайту

- Жануарларды аулауға және атуға тыйым салу.
- Құрылыс учаскелерінде жануарларды асырауға, тамақтандыруға немесе ұстауға жол бермеу.
- Құрылыс алаңына іргелес аумақтарды таза ұстау.
- Жануарлардың қазылған орларға түсу ықтималдығын төмендету үшін орларды ашық түрде ұстау ұзақтығын қысқарту.
- Жануарлардың өздеріне қауіп төндіретін объектілерге кіруін болдырмау;
- Жануарлардың опат болуының алдын алу және шаңдануды бәсеңдету мақсатында автокөліктердің жылдамдық режимін бақылау.
- Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды орындау.

15 Слайд. ӨНДІРІСТІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ (МОНИТОРИНГ). ҚО ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Өндірістік экологиялық бақылау және мониторинг (ӨЭБ) табиғи ортадағы жағымсыз өзгерістерді анықтауға және жағымсыз әсерлерді уақытылы болдырмауға немесе қысқартуға мүмкіндік беретін ең маңызды табиғат қорғау шараларының бірі деп санауға болады.

Экологиялық кодекске (13-тарау) сәйкес І және ІІ санаттағы кәсіпорындарда өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ) негізінде экологиялық бақылау жүзеге асырылуы тиіс (183-бап)

Өндірістік экологиялық мониторинг бақылаулардың кешенді жүйесін білдіреді, олардың нәтижелері кәсіпорынның жүзеге асыратын қызметінің қоршаған ортаны қорғау бөлігінде ҚР нормалары мен талаптарына сәйкестігін айқындауы тиіс.

ӨЭБ бағдарламасы шеңберінде ЖГӨЗ құрылысы кезеңінде ауа ортасының, топырақ-өсімдік жамылғысының жай-күйіне мониторинг жүргізу және қалдықтарды басқару бөлігінде мониторинг жүргізу көзделген:

- ШЖШ нормативтерінің сақталуын бақылауды қамтитын атмосфералық ауаға эмиссиялар мониторингі (есептеу әдісімен);
- Ластануды жою бойынша шұғыл шаралар қабылдау мақсатында ластанған учаскелерді көзбен шолып анықтау үшін құрылыстың барлық алаңын маршруттық бақылау.
- қалдықтар жиналатын орындарда қалдықтарды басқару бөлігінде операциялық мониторинг жүргізу көзделеді.

Жер бетінің жай-күйіне маршруттық бақылау жүргізілетін болады, оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау мақсатында жерасты суларына әсер етудің әлеуетті көздері болып табылатын ластанған учаскелерді көзбен шолып анықтау жүзеге асырылатын болады.

Қалдықтар жинақталған жерлерде кәсіпорынның қалдықтарды басқару бөлігінде мониторинг жүргізу қарастырылады.

Құрылыс кезеңіндегі табиғи ортаға әсерді бәсеңдетуге бағытталған шаралар ҚР ЭК 125 бабына және 09.08.2021 ж Экология министрінің №119 бұйрығына сәйкес дайындалған **ҚО қорғау жөніндегі іс-шаралар Жоспарында** қарастырылған.

16 Слайд ШЕШІМДЕР

Құрылыс жұмыстары ҚР Экологиялық заңнама талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылатын болады.

Объектінің құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсерді талдау жұмыс өндірісінің технологиясы сақталған кезде әсер жергілікті тұрғыда болады және орташа және төмен маңыздылықтың әсері ретінде бағалануы мүмкін екенін көрсетті.

Жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру:

- белгіленген нормативтерді;
- жоспарланған табиғат қорғау шараларын орындаған жағдайда ғана ЖГӨЗ құрылысының кезеңінде Экологиялық рұқсаттарды алу барысында іске асуы мүмкін.

НАЗАР САЛЫП ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!